

«ЖАСЫЛ ВЕКТОР»

Республикалық сурет және фотосуреттер байқауының ережесі

“Green Step” Ұлттық Әлеуметтік кампаниясы шеңберінде



Біз жаңа және пайдалы ашылулардың арқасында өмірді жеңілдетуге ықпалын жасап жатқан технологиялық алға басу кезеңінде өмір сүрудеміз. Алайда адамзаттың бұл жетістіктерінің кері әсері де баршылық. Бұл прогрестің салдары бүкіл әлемдегі қоршаған ортаның экологиялық жағдайына тікелей әсер етуде.

Заманауи өркениетті қоғам өз іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсерін сезіне отырып, экологиялық дағдарысты алдын алуға бар күш-жігерін жұмсауы керек.

Мақсаты: балалар мен жастарды экологиялық мәдениетке баулып тәрбиелеу, №4,11,13,14,15,17 тұрақты даму мақсаттарын насихаттау. Экология саласында сауаттылықты арттырып, қоршаған ортаны сақтау, қорғау және жауапты тұтыну идеяларын шығармашылық және көрнекті құралдар арқылы жеткізу.

Міндеттері:

- Қоршаған ортаны қорғау мәселесіне қоғамның назарын аудару;
- Табиғи ресурстарды тиімді пайдаланумен таныстыру;
- Қалдықтарды қайта өңдеуге тапсыру арқылы шикізатты қайта айналымға қайтару идеологиясымен таныстыру; Адамның қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерлерін азайту;
- Тұрақты дамуды ілгерлету үшін білім мен дағдыларды қалыптастыру;
- Экологиялық сана-сезімді қалыптастыру және соған тәрбиелеу;
- Экологиялық мәселелер шеңберінде шығармашылық әлеуетті жандандыру;
- Балалар мен жастардың шығармашылығы мен өздерін танытуда қолдау көрсету және дамыту;
- Көркем бейне шығармашылығы арқылы планетаның, Қазақстанның және де туған өлкесінің табиғи байлықтарын сақтауды насихаттау;

- Мәдени және табиғи байлықты сақтау қағидалары негізінде балалар мен жастар арасында жалпыадамзаттық құндылықтарды қорғауға тәрбиелеу;
- Табиғи және тарихи-мәдени мұраны зерттеу негізінде білім алушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру және дамыту;
- Тұтас табиғи кешендердің тұрақты дамуының ажырамас бөлігі болып табылатын флора және фаунаның жекелеген түрлерін сақтау керек екенін насихаттауды жандандыру.

Жүзеге асыру кезеңдері:

- Өтінімдерді қабылдау уақыты: 2022 жылдың 25 тамызы мен 30 қыркүйек аралығы;
- Әділ қазылар алқасының отырысы және финалисттерді анықтау: 1 – 3 қазан аралығы, 2022 жыл;
- Жеңімпаздарды анықтау: 7 қазан, 2022 жыл.
- Оффлайн марапаттау рәсімі: 28 қазан, 2022 жыл.

Ұйымдастырушылар: Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы және Total Energy sap Kazakhstan компаниясы

Қатысу ережесі

Конкурсқа 12 жас пен 35 жас аралығындағы кез-келген үміткер қатыса алады (жас санаттары: 12-16, 17-25, 26-35).

Өтінімдерді қабылдау уақыты: 2022 жылдың 25 тамызы мен 30 қыркүйек аралығы.

География: Қазақстан.

Қатысу тегін.

!!!Байқауға жіберілген жұмыстар басқа байқауларда қолданылмаған және интернет желісінде таратылмаған, авторлық болуы керек.

Бір қатысушы бірнеше жұмыс жібере алады.

Барлық қатысушылардың жұмыстары жақсы сапада болуы керек, себебі олар БАҚ-тарда жарияланып, үлкен өлшемдерде басып шығарылуы мүмкін.

Ұйымдастырушыларға жұмысты ұсыну арқылы қатысушы оның жоба аясында шығарылуына, Ұйымдастырушы мен оның серіктестерінің веб-сайттарында, сонымен бірге әлеуметтік желілерде, билбордтар мен аялдамаларда, бұқаралық ақпараттар құралдарында ешбір өтемақысыз жарнамаланына рұқсат береді.

!!!Байқауға қатысу арқылы сіз барлық ереже мен шарттарға келісетінізді растайсыз. Қатысушылар ережені сақтамаған жағдайда байқаудан шығарылады.

«СҰРЫПТАУ АРҚЫЛЫ САҚТА» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ НОМИНАЦИЯСЫ

Қатысушылар: Жекеше. Топтық жұмыстар қабылданбайды. Үш жастық санат бойынша қабылданады: 12-16 жас, 17-25 жас, 26-35 жас.

Міндеті: қоқысты сұрыптаудың маңыздылығы, оның қайта өңделетіні, қоршаған орта мәселелері және 5R қағидаттарына назар аудару (refuse – бас тарту, reduce - тұтынуды азайту, reuse-қайта пайдалану, recycle-қайта өңдеуге тапсыру, rot-компост) тақырыптары аясында шығармашылық жұмыс дайындау.

Талаптары: жұмыс бейнелеу өнерінің кез келген техникасында, графикалық бағдарламаларда немесе сәндік-қолданбалы өнер бағыттарында, кез-келген өлшемде және форматта орындалуы мүмкін.

Өтінімді жіберу: Жұмысты салып болғаннан кейін, сапалы түрде суретке түсіру қажет. Суреттің атауын қатысушының аты-жөніне өзгертуді ұмытпаңыз. Суреттерді JPEG немесе JPG форматтарында жіберіңіз. Салмағы 2 МБ-тан аз болмауы керек. Максимум 10 МБ. **Суреттің бет жағында ешқандай жазу болмағаны дұрыс.** Жұмыстар тек онлайн қабылданады.

Әрбір жұмыс жөнінде қысқаша сипаттамалық ақпарат ұсынылуы қажет.


Бағалау критериилері: Тақырыпқа сай болуы, фантазияға, шығармашылыққа ерік берілуі және абстрактілі көріністе болуы.

**ӨТІНІМДЕР ОНЛАЙН ТҮРДЕ ОСЫ СІЛТЕМЕ АРҚЫЛЫ
ҚАБЫЛДАНАДЫ:** <https://forms.gle/XmPwQfwxnmkFgi2t7>

«Сұрыптау арқылы сақта» шығармашылық номинациясына арналған жұмыс үлгілері

«Pinterest» визуалды идеяларды іздеу жүйесінен алынған жұмыс мысалдары





«СҰРЫПТАУ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫР» ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ФОТОСУРЕТТЕР НОМИНАЦИЯСЫ

Қатысушылар: Жекеше. Топтық жұмыстар қабылданбайды. Үш жастық санат бойынша қабылданады: 12-16, 17-25, 26-35.

Міндеті: сән индустриясының элементтерін пайдалана отырып және түстер палитрасын қолдану арқылы қалдықтарды сұрыптау мәселесіне қоғамның назарын аудару.

Талаптары: бұл кәсіби камерамен түсірілген сахналық кадрлер болуы керек. Фотосессияға киім таңдағанда қоқысты сұрыптауға арналған контейнерлердің түсін таңдаған дұрыс (жасыл - шыны, сары - пластик, көк - қағаз, сұр – тамақ қалдықтары). Фон және қосымша құралдар ретінде қайта өңдеуге болатын қалдықтарды (шыны, пластик, қағаз) пайдаланған жөн. Фотосурет белгілі бір сюжетті және бір идеяны көрсете алады.

Өтінімді жіберу: цифрлық фотосуреттер қабылданады, жұмыстың биіктігі – 1200 пиксель, ені кез келген болуы мүмкін; форматы – JPG, түс кеңістігі – RGB, рұқсат берілетін өлшем – 72dpi; файл көлемі –10 МВ аспауы керек. Фотосуретте ешқандай жазу болмауы керек.

Жұмысты салып болғаннан кейін, суретке түсіру қажет. Суреттің атауын қатысушының аты-жөніне өзгертуді ұмытпаңыз. Суреттерді JPEG немесе JPG форматтарында жіберіңіз. Салмағы 2 МБ-тан аз болмауы керек. Максимум 10 МБ. **Суреттің бет жағында ешқандай жазу болмағаны дұрыс.** Жұмыстар тек онлайн қабылданады.

**ӨТІНІМДЕР ОНЛАЙН ТҮРДЕ ОСЫ СІЛТЕМЕ АРҚЫЛЫ
ҚАБЫЛДАНАДЫ:**

<https://forms.gle/Q3qfGXCPPsAQxbP98>

**«Сұрыптау арқылы қалыптастыр» тұжырымдамалық фотосуреттер
номинациясына арналған жұмыс үлгілері**

«Pinterest» визуалды идеяларды іздеу жүйесінен алынған жұмыс мысалдары





Таңдау ережелері

Жұмыстар номинация бойынша жарияланған талаптар мен міндеттерге сай келуімен, сондай-ақ ерекшелігі мен сапалылығына, креативтілігіне қарай бағаланады. Құзыретті қазылар алқасының шешімімен әр номинация бойынша 3 жас санатынан жеңімпаздар анықталады: 12-16 жас, 17-25 жас, 26-35 жас. Қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды.

Нәтижесі мен марапаттау

Байқау нәтижесі 7 қазан күні @green_step_kz парақшасында жарияланатын болады.

- ✓ Барлық қатысушыларға қатысқандары үшін сертификаттар беріледі.
- ✓ Қазылар алқасы отырысының қорытындысы бойынша Планетамызды сақтауға шақыратын ұрандары бар 40 үздік жұмыс таңдалады. Олар Алматы қаласындағы билбордтарда, аялдамаларда жарияланатын болады. Аталмыш қатысушыларға финалистердің дипломы беріледі.
- ✓ Құзыретті қазылар алқасының шешімі бойынша 18 жеңімпаз анықталады (әр номинация бойынша 9 жас санатынан). Жеңімпаздардың жұмыстары да Қазақстанның мәдени астанасын безендіруге қолданылады және де жеңімпаздар сыйлықтар мен дипломдарға ие болады.
- ✓ Сонымен қатар, финалистердің арасынан ең үздік 22 жұмыс «Green Step» Ұлттық Әлеуметтік кампаниясының парақшасында https://instagram.com/green_step_kz?igshid=YmMyMTA2M2Y= 2 көрермен

көзайымы жеңімпазын анықтауға ұсынылатын болады. Жеңімпаздар қазанның 4-і мен 6-сы аралығында көрермендердің ең көп дауыс беруі нәтижесінде анықталады. Жұмыс авторы диплом мен арнайы сыйлыққа ие болады.

✓ Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 2022 жылдың қазан айында өтеді (ұйымдастырушылар жеңімпаздарды рәсімнің нақты мекен-жайы туралы алдын-ала хабардар етеді).

Ұйымдастыру комитеті

тел: +7 (700) 487 76 63, +7 700 394 32 32

https://instagram.com/green_step_kz?igshid=YmMyMTA2M2Y=